

"2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Бурабай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № а-4/140 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № а-7/305 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 шілдеде № 7297 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бурабай ауданы әкімдігінің "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2019 жылғы 11 сәуірдегі № а-4/140 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7138 болып тіркелген, 2019 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай ауданы әкімінің міндетін атқарушы

Д.Есжанов

Бурабай ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 22 шілдедегі
№ а-7/305
қаулысына қосымша
Бурабай ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 11 сәуірдегі
№ а-4/140
қаулысымен бекітілген

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			
	мемлекеттік		Жеке меншік	
	қала	ауыл	қала	ауыл
Бөбек-жайы	615	280	879	-
Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша Бурабай ауданы Оқжетпес ауылының "Балапан" балабақшасы	-	-	-	125
Санаторлық топтар	40	-	-	-
Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	273	262	30	-
Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	50	475	-	-

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)			
мемлекеттік		Жеке меншік		мемлекеттік		Жеке меншік	
қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
26618,6	28543,20	23 315	-	11000	11000	11000	11000
-	-	-	27 901	-	-	-	-
39 925	-	-	-	-	-	-	-
18 163	18 163	17931,8	-	9000	9000	-	-
8505,54	8505,54	-	-	-	-	-	-